

«Өнеріміз саған, Қазақстан!» атты XXXIII облыстық халық шығармашылығы көркемөнерпаздар фестивалі мәресіне жетті

Биылғы Жастар жылы аясында «Өнеріміз саған, Қазақстан!» атауымен Қостанай қаласында мәдениет және өнер қызметкерлеріне лайықты құрмет көрсетіліп, «Рухани қазына» Республикалық байқауының облыстық кезеңі мен XXXIII халық шығармашылық фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Фестивальге қатысқан үздік орындаушылар мен шығармашылық ұжымдар гала концертте өнер көрсетті. Біздің қаламыздан ҚР Мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы Боранбай Әбенов жетекшілік жасайтын Қазақ Халықтық ұлт-аспаптар оркестрі, «Еркеназ» қобызшылар ансамблі - жетекшісі Гүлдана Бекхожина, дәстүрлі әншілер Қапан Олжас, Раухан Нағашыбай, Қарлығаш Әлібектің өнерлері жоғары деңгейде бағаланды. Байқау нәтижесінде Арқалық қаласының көркемөнерпаздары 2-орынға ие болды және 1 миллион теңге көлеміндегі сертификат, дипломмен марапатталды. Бұл жүлде үлкен жетістік, ал қаламыз үшін үлкен мақтаньш деп білеміз. Фестивальде жоғары деңгейде өнер көрсеткен өнерпаздарды мақтаньшпен айта аламыз.

Айзада ҚАСЫМБАЕВА,
Арқалық қалалық
Мәдениет сарайының
адіскері.

